ЖАМБЫЛ АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

# ŞŪĞYLA-RADUGA

№25 (6563), 1 сәуір 2026 жыл

Газет 1966 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады

Аудан айнасына 60 жыл

АУДАН ӘКІМДІГІНДЕ

# ҚЫЛМЫСҚА ҚАРСЫ КҮРЕС КҮШЕЙТІЛЕДІ

**Бүгінде «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында ауданда атқарылып жатқан жұмыстар, қылмыс пен құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытындағы шаралар жүйелі түрде жүзеге асуда. Бұл мәселелер сейсенбі күні аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлының төрағалығымен өткен әкімдіктің кезекті мәжілісінде жан-жақты қаралды.**

Мақсат ЖҰМАБАЕВ




Күн тәртібіндегі негізгі мәселе – аудандағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және қылмыспен күрес барысы туралы аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары Мадияр Қожахметов баяндады.

Оның айтуынша, 2026 жылдың 26 наурызына дейін Жамбыл ауданында тіркелген қылмыстар саны 15,4 пайызға төмендеп, 52-ден 44-ке азайған. Дегенмен, бүгінгі күні өзекті мәселелердің бірі – бөтеннің мүлкін ұрлау деректері болып отыр. Осыған байланысты ұрлықтың алдын алу және ашу бағытында тек полиция қызметкерлері ғана емес, сонымен қатар жұртшылықты да тарту көзделуде.

Бұл бағытта Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2025-2026 жылдарға арналған арнайы бағдарламасы негізінде ауданның ерекшеліктері ескеріліп, нақты іс-шаралар жоспары бекітілген. Аталған жұмыстар тұрақты түрде аппараттық және жедел кеңестерде қаралып, әкімдік және мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе іске асырылуда. Сонымен қатар, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында ұрлық жиі орын алатын нысандарға темір есіктер орнату, дабыл қаққыштар мен бейнебақылау камераларын қою бойынша ұсыныстар қолға алынған.

Талдау көрсеткендей, бұрын сотты болғандар жасаған қылмыстар саны 12,5 пайызға өсіп, 9-дан 11-ге жеткен. Ал кәмелетке толмағандар тарапынан қылмыс тіркелмеген. Масаң күйде жасалған қылмыстар саны да өсіп, 3-тен 5-ке дейін артқан.

Аудан аумағында жедел жағдайды тұрақтандыру мақсатында «Мигрант», «Борышкер», «Есеп», «Қауіпсіз жол», «Қарасора», «Балалардың жолдағы қауіпсіздігі» сияқты жедел-профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылып, өткізілді. Бұл шаралар аясында қоғамдық тәртіпті сақтау, әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау және кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алуға ерекше назар аударылуда.

Қазіргі таңда учаскелік полиция инспекторлары, олардың көмекшілері және кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекторлар өзі қызмет көрсететін аумақтарда құқықтық тәртіпті нығайту, құқық бұзушылықтардың алдын алу және есепте тұрған тұлғалардың өмір салтын бақылауды күшейту бағытында жұмыстар жүргізуде.

2026 жылдың алғашқы екі айының қорытындысы бойынша профилактикалық есепке қосымша 32 адам алынған. Осы кезеңде барлығы 2081 әкімшілік құқық бұзушылық анықталып, өткен жылмен салыстырғанда 11,2 пайызға артқан.

Атап айтқанда, алкогольдік ішімдіктерді қоғамдық орындарда тұтынғаны үшін 16 әкімшілік хаттама толтырылған (2025 жылы – 31). Ұсақ бұзақылық фактілері бойынша 4 азамат жауапкершілікке тартылған (2025 жылы – 14).

Масаң күйдегі құқық бұзушылықтардың алдын алудағы маңызды шаралардың бірі – маскүнемдікке шалдыққан азаматтарды мәжбүрлеп емдеуге жолдау. Осы бағытта ішкі істер органдарының есебінде тұрған 5 адам арнайы емдеу мекемесіне орналастырылған.

Сондай-ақ, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған бір тұлғаға қатысты қайтадан күзетпен ұстау шарасы қолданылып, іздестіру жарияланған.

Жалпы, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау ішкі істер органдары қызметінің басты бағыттарының бірі болып қала береді.

Мәжіліс барысында аудан әкімі құқық бұзушылықтардың алдын алу жұмыстарын күшейту қажеттігін атап өтті. Әсіресе, тұрмыстық жанжалдардың алдын алу, интернет-алаяқтыққа тосқауыл қою және мал ұрлығының жолын кесу, жол бойына тұрғындардың қоқыстарды тастауларына жол бермеу бағыттарындағы жұмыстарды жандандыруды тапсырды.

СЕНБІЛІК

## ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАМҚОР БОЛАЙЫҚ

**Өңірімізде қоршаған ортаны қорғау, тазалықты сақтау және экологиялық мәдениетті қалыптастыру – күн тәртібінен түспейтін маңызды мәселе. Әсіресе көктем мезгілінде бұл бағыттағы жұмыстар жанданып, елді мекендердің келбетін жақсартуға мүмкіндік береді. Дегенмен, тазалық тек сенбілікпен шектелмей, күнделікті дағдыға айналуы тиіс екені жиі ескеріле бермейді.**

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Көктемгі санитарлық тазалықтың екі айлығы аясында аудан орталығы Аса ауылында орналасқан мекеме-ұйымдар сенбілік ұйымдастырды. Әр ұжым өз аумағын тазалап, ғимарат айналасын ретке келтірді. Қураған ағаштар бұталып, талдардың түбі әктелді. Шөптер шабылып, қоқыстар шығарылды. Бұл жұмыстар аудан көркін біршама жақсартқаны көрер көзге анық байқалады.

Сол күні ауданға қарасты ауылдық округтерде де сенбілік өтіп, оған мекеме қызметкерлері мен жастар белсенді қатысты. Саябақтар мен скверлер, арық-атыздар тазартылып, ортақ іске ауыл тұрғындары да үн қосты. Өз ауласын ретке келтіріп, елді мекен тазалығына үлес қосқандар аз емес.

→ 2



## АУЫЛДА БІЛІМНІҢ ШАМЫ СӨНБЕЙДІ

**Қай кезеңде де ауыл – ұлттың алтын діңгегі, елдіктің қайнар көзі саналған. Ауылдың ажары мен келешегі – онда еңбек етіп жүрген азаматтардың біліміне, білігіне және елге деген жанашырлығына тікелей байланысты. Сондықтан ауылдық аймақтарды білікті кадрлармен қамтамасыз ету мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі болып қала бермек. Осы мақсатта жүзеге асырылып жатқан «Дипломмен ауылға» бағдарламасы жас мамандарға жол ашып, оларды елді мекендерге тартудың тиімді тетігіне айналып отыр.**

→ 2



МӘДЕНИ МҰРА

## Шебер ананың жүріп өткен жолы



Аружан КҮНТУБАЙ

**Бағзыдан жеткен бабалар аманаты, сан ғасыр сүзгісінен өтіп, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан асыл мұра – қазақтың қолөнері. Көшпенділер өркениетінің өрнегі болған бұл өнер тек тұрмыстық қажеттілікті өтеумен шектелмей, халқымыздың болмыс-бітімін, дүниетанымын, эстетикалық талғамын айшықтайтын рухани қазынаға айналғаны бәрімізге мәлім.**

→ 2

Шұғыла-Радуга Аудандық Қоғамдық-саяси Газеті · shugyla.raduga_newspaper · www.asaaqparat.kz

ҚОҒАМ ЖӘНЕ САЯСАТ

**Еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі маңызды кезеңдердің бірі – жаңа Конституция жобасын әзірлеу және оны жалпыхалықтық референдум арқылы қабылдау үдерісі. Осы тарихи сәтте ел болашағына бейжай қарамай, белсенділік танытқан бірқатар азамат жоғары деңгейде құрметке ие болды.**

# РЕФЕРЕНДУМДА БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТҚАН АЗАМАТТАР МАРАПАТТАЛДЫ



**Аружан КҮНТУБАЙ**

Іс-шара барысында аудан әкімінің орынбасары Махпал Досымбекова сөз сөйлеп, марапат иелеріне шынайы алғысын білдірді. Ол өз сөзінде ел дамуы жолындағы мұндай маңызды науқанда белсенділік танытқан азаматтардың еңбегі әрдайым жоғары бағаланатынын атап өтіп, олардың қоғамдағы жауапкершілігі мен отансүйгіштігі өзгелерге үлгі екенін жеткізді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атынан табысталған Алғыс хаттарда азаматтардың ел дамуына қосқан сүбелі үлесі, азаматтық ұстанымының беріктігі, сондай-ақ мемлекеттік басқару жүйесін жетілдірудегі еңбегі ерекше атап өтілді.

Сонымен қатар, «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясы тарапынан да азаматтардың еңбегі елеусіз қалмай, бірқатар белсенді азаматқа Алғыс хаттар табысталды. Олар үгіт-насихат жұмыстарына белсене қатысып, конституциялық реформалардың мән-маңызын халыққа кеңінен түсіндіруге атсалысты.

Коалицияның өңірлік жетекшісі, «Amanat» партиясы Жамбыл облыстық филиалының төрағасы Дауыл Бейсенқұловтың атынан берілген Алғыс хаттарда референдумды ұйымдастыру мен өткізудегі белсенділік, ел бірлігін нығайтудағы және әділетті қоғам қалыптастырудағы рөлі айрықша екені аталып өтті. Ал Қазақстан Парламенті Мәжілісінің төрағасы, коалиция жетекшісі Ерлан Қошановтың атынан жолданған Алғыс хаттарда ел тағдыры үшін маңызды кезеңде көрсеткен жауапкершілік пен шынайы патриотизм жоғары бағаланды.

Аталған марапатқа ие болғандардың қатарында ауданның түрлі саласында еңбек етіп жүрген азаматтар бар. Атап айтқанда, аудандық мәслихаттың төрағасы Мұхтар Шайдаев, «Amanat» партиясы аудандық филиалының төрағасы Талап Әбдібеков, аудандық архивтің директоры Келсінкүл Күлекеева, аудандық мәдениет үйінің директоры Индира Тоғанбаева, білім саласының өкілі Нышанбек Малдыбаев, кәсіпкерлер Нуритдин Бегманов пен Дамира Дармағамбетова, аудандық Мансап орталығының директоры Алтай Стамқұлов және өзге де белсенді азаматтар бар.

Сондай-ақ, бұл тізімде білім, спорт, мәдениет және өзге де салаларда қызмет атқарып жүрген мұғалімдер, жаттықтырушылар, мамандар мен еріктілер де бар. Олар референдум барысында байқаушы ретінде елдегі маңызды науқанның ашық әрі әділ өтуіне өз үлестерін қосты.

Бұдан бөлек, депутаттар мен қоғамдық кеңес мүшелері, партия белсенділері мен еріктілер де марапат алушылар қатарынан көрінді. Олардың арасында бастауыш партия ұйымдарының төрағалары, Жастар ресурстық орталығының мамандары мен қоғам белсенділері бар.

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖОЮ – МІНДЕТ

# СЕНІМГЕ СЕЛКЕУ ТҮСІРМЕЙІК

**Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттің тұрақты дамуына кері әсер ететін және қоғамның мемлекеттік институттарға деген сенімін әлсірететін күрделі әлеуметтік-құқықтық құбылыс. Сондықтан оған қарсы жүйелі әрі мақсатты күрес жүргізу мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі болып саналады.**

Қазақстан Республикасында бұл бағыттың құқықтық және институционалдық негіздері қалыптасқан. Заңнамалық актілер қабылданып, уәкілетті органдар тиісті жұмыстарды жүзеге асыруда. Негізгі міндет – адалдық, ашықтық және әділдік қағидаларын орнықтыру арқылы құқық бұзушылықтардың жолын кесу. Алдын алу шаралары кешенді түрде жүргізілуде. Мемлекеттік қызмет көрсету саласында ашықтық пен қолжетімділік артып, цифрландыру үдерісі кеңінен енгізілуде. Қызметтердің электронды форматқа көшуі адам




факторын азайтып, тәуекелдерді төмендетуге ықпал етеді.

Мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талаптар да күшейтілген. Әдеп нормаларын сақтау, мүдделер қақтығысын болдырмау, табыс пен мүлікті декларациялау – ашықтық пен есептілікті қамтамасыз етудің негізгі тетіктері.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға ерекше мән берілгені бәрімізге белгілі. Бұл бағытта ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, әлеуметтік жобалар іске асырылуда. Азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру алдын алу шараларының тиімділігін күшейтеді.

Жалпы, бұл бағыттағы жұмыс барлық тараптың бірлескен іс-қимылын талап етеді. Заң үстемдігі мен әділдік қағидаларын нығайту арқылы ғана нақты нәтижелерге қол жеткізуге болады.

**Сабыржан ҚҰРАПБЕРГЕНОВ,**
**аудан әкімдігі жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы.**

Соңы. Басы 1-бетте

# *Шебер ананың жүріп өткен жолы*

Әсіресе, «қыз жасауы» секілді салт-дәстүрлер – қазақ қоғамындағы тәрбиенің, тәлімнің, аналық мейірім мен әкелік қамқорлықтың көрінісі іспетті киелі ұғым. «Қыз – жат жұрттық» деп, төрінен орын беріп, бар асылын арнаған халқымыз үшін жасау – ұрпаққа қалдырылған өнеге мен ізгіліктің белгісі. Ежелден «алты жастан жинасаң асады, жеті жастан жинасаң жетеді» деген тәмсілдің өзі халқымыздың қыз тәрбиесіне, оның болашағына қаншалықты жауапкершілікпен қарағанын аңғартады. Осындай асыл дәстүрдің бүгінгі жалғастырушыларының бірі – қолөнерді өмірінің мәніне айналдырған шебер жан Зағида Байменова.

Зағида Қамалқызы Жамбыл облысы, бұрынғы Свердлов ауданына қарасты Жаңатұрмыс ауылында дүниеге келген. 1975 жылы мектеп қабырғасынан түлеп ұшқан соң, еңбек жолын колхозда есепшінің көмекшісі болып бастап, адал еңбегімен ел құрметіне бөленді. Кейін Тараз қаласындағы кәсіби-техникалық оқу орнында кітапхана мамандығын тәмамдап, Бірлесу-Еңбек ауылында кітапхана меңгерушісі қызметін абыроймен атқарып, зейнетке шыққан. Ұзақ жылдар бойы мәдениет пен руханият саласында қызмет етіп, зейнеткерлікке шықса да, еңбектен қол үзген жоқ. Көпбалалы, ақ жаулықты анамыз қыжымнан тігілген көрпе-жастық, оюын ойып салынған сырмақ пен текемет сынды қыз жасауының әрбір бұйымын зор ықыласпен әзірлейді.

Оның өнерге деген ықыласы бала кезден бастау алған. Алматыдан демалысқа келген әпкесінің өз қолымен көйлек тігіп, оған сәнді бас киім әзірлеп берген сәттері жас жүрекке ерекше әсер қалдырған. Сол кезден бастап тігіншілікке деген қызығушылығы оянып, уақыт өте келе қыз жасауын дайындау оның сүйікті кәсібіне айналған. Бұрынғы кезде қызға алты жамылғы көрпе мен үш көрпеше берілсе, бүгінде оның көлемі мен түрі заман ағымына сай өзгерген. Қазіргі таңда қыз жасауына он көрпе, он көрпеше, алты жастық, шай көрпешелер мен мойын жастықтар қосылады.

Бүгінде ол тек жергілікті тұрғындардың емес, алыс-жақын шетелдік тапсырыс берушілердің де сеніміне ие болған. Мәселен, Катар еліне арнайы көрпешелер жіберіп, сыйлыққа ұлттық нақыштағы киім үлгілерін қоса жолдайды. Сонымен қатар, Америкаға таза киізден жасалған шағын киіз үйлер дайындап, ұлттық өнерді шетелге танытып жүр.

Шебердің айтуынша, қазіргі таңда жүн өнімдеріне сұраныс артып келеді, әсіресе қыс мезгілінде. Ол тұтынушылардың талабына сай түрлі бұйымдарды әзірлеп, әр тапсырысты сапалы орындауға тырысады. Өйткені бүгінгі тұтынушы ең алдымен сапаға мән береді.

– Бұрын қыздың артынан сырмақ, киіз, ағаштан жасалған ыдыстар берілетін. Қазір олардың орнын заманауи тұрмыстық бұйымдар басты. Бірақ қандай заман болса да, жасаудың мәні өзгермейді. Ол – ата-ананың қызына деген махаббаты мен қамқорлығының белгісі. Қыз ұзататын аналарға айтарым, жасауды шамадан тыс көбейтудің қажеті жоқ. Балалар өз еңбегімен жетістікке жеткені дұрыс. Ең бастысы – ұлттық нақыштағы, көздің қарашығындай сақтайтын дүниелер қалсын. «Мынау – анамның қолынан шыққан» деп қадірлеп отырса, одан асқан бақыт жоқ, – дейді шебер ана.

Ұлттық дәстүрдегі қыз жасауы – жас келіннің барған жерінде абыройлы болуын, ата-ананың мейірімі мен тәрбиесін айшықтайтын қасиетті ұғым. Ол алдағы уақытта кәсібін кеңейтуді жоспарлап отыр. Оның арманы – арнайы цех ашып, заманауи тігін машиналарымен жабдықтап, жастарға өз білгенін үйрету. Қазіргі жастарға мүмкіндік көп. Тек табандылық, ізденімпаздық пен шыдамдылық керек, – дейді кәсіпкер.

Айта кету керек, биыл 16 наурыз күні облыста өткен «Сырмақ сыры» атты көрмесінде Зағида Қамалқызы жүлделі екінші орынды иеленіп, тігін машинасын сыйлыққа алған.

Ұлттық құндылықтарды ұлықтап, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізуді мақсат еткен осындай шебер жандар барда, қазақтың қолөнері ешқашан өз маңызын жоғалтпақ емес.



Соңы. Басы 1-бетте

# ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАМҚОР БОЛАЙЫҚ

Алайда, барлық жерде бірдей нәтиже байқалды деуге келмейді. Аудан әкімдігінің мәліметінше, бірқатар ауылдық округте (Ақбастау, Қызылқайнар, Жамбыл ауылдық округтерінен басқа) тазалық жұмыстары тиісті деңгейде жүргізілмеген. Елді мекендердің шет аймақтарында қоқыс үйінділері, тіпті ит пен мал өлекселерінің шашылып жатқаны анықталған.

Осы тұрғыда мектепке апарар жолдардың, қоғамдық орындардың тазалығы жіті назарда болуы тиіс. Қоқысты бейберекет төгу, арнайы полигондарға шығармау жауапсыздық екенін әркім түсінгені жөн. Мұндай олқылықтар сенбіліктің мәнін төмендетіп, атқарылған жұмыстың нәтижесіне күмән келтіреді.

Осыған байланысты аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы жауапты тұлғаларға тазалық жұмыстарын қатаң бақылауға алуды тапсырды. Алайда, мәселе тек әкімдік бақылауымен шешілмейді. Бұл ең алдымен әр тұрғынның азаматтық жауапкершілігіне байланысты болуы керек.

«Бірлік бар жерде тірлік бар» демекші, тазалық – ортақ іс. Ауыл тұрғындары сенбілікке тек қатысушы емес, тазалықты тұрақты сақтаушы болуы тиіс. Әйтпесе, бір күндік науқанмен шектелген жұмыс ұзаққа бармайды.

ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІ

# САЙЫН ДАЛА МЕН САРЫ БЕЛДЕ СЫНАЛҒАН СЕРТ

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Жамбыл облысы бойынша департаментіне қарасты «Жасөркен» шекара бөлімшесінің тынысы – көзге көрінбес, құлаққа шалынбас, бірақ ел ішінің бейбіт ғұмырын күзеткен тылсым үн. Бұл – дабыралы ұранның дүбірі емес, күн сайын жаңғырып, қайта түлеп отыратын тәртіптің сабырлы сарыны.**



Шекара деген ұғым кейде карта бетіне түскен жалаң сызықтай көрінер. Ал «Жасөркен» үшін ол – заманның тамырын басқан, уақыттың таразысындай дәл өлшем. Таң шапағымен басталған сап түзудің салтанаты түн қойнауындағы шекара сақшысының сергек қырағылығына ұласып, ел амандығын айғақтайтын жауапкершілік жібін үзбестен жалғайды.

Бұл бөлімшенің қызмет аймағы – табиғаттың құбылмалы мінезін де, қызметтің қатаң талабын да қоса арқалатқан кеңістік. Бір пұшпағы – сайын дала: көз жетпес көкжиекке дейін керілген кең жазира, алақандағыдай айқын көрінгенімен, алдамыш сағымға толы мүлгіген тыныс. Екінші бір тарабы – таулы өңір: қатпар-қатпар қырат, иірқиыр сай-сала, бұралаң сүрлеу; әр бұрылысы жұмбақ сауал тастап, әр тасы өзіндік заңын көлденең тартады.

Жазирада көз қырағылығының жөні бір басқа болса, таулы алқапта әр қадамның есебі, әр бағыттың межесі, байланыс пен қозғалыстың жосығы мүлде бөлек. Мұнда табиғаттың өзі де бір қалыпқа көнбес: бір сәтте тұман түсіп, дүние жүзік көздей тұйықталар; бір сәтте ызғарлы жел тұрып, тау лебі өңменнен өтер; кейде қар ұлпасы үн-түнсіз төгіліп, айналаны салқын сабырға бөлер.

Осындай қилы ортада шекара күзеті тек төзімге сүйенбейді, жағдайды жедел аңғарар зерделілікке, құбылысқа тез бейімделер парасатқа, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарар ұжымдық үйлесімге арқа сүйейді. Осы үйлесімді күнделікті қызмет салтына айналдырып отырған тұлға – бөлімше бастығы, майор Қасымхан Сихымбаев. Ол басқаратын шекара күзеті «ұсақ-түйек» деп елемес ұғымды мүлде мойындамайды. Өйткені бұл ортада титтей нәрсенің өзі мәнсіз емес: байланыс арнасының дер кезінде сыналып, түзелуі, қару-жарақтың сақадай сай әзірлігі, наряд алдындағы бұйрықтың бұлжымас нақтылығы, қызметтік қағаздың мінсіз дәлдігі, жеке құрамның рухани-психологиялық әзірлігі – бәрі бір тізбектің берік буыны іспеттес.

Майор Қасымхан Ынтықбекұлының көргені мен түйгені де осы жайтты айғақтайды: ол бөлімшенің ішкі тәртібімен қатар, жауынгерлік әзірлігін де бір деммен үйлестіруді ұстайды, қатал талап пен әділ таразыны қатар жүргізеді, ұжымдық рухтың еңсесін түсірмей, әрбір сарбаздың маңдай терін өз орнымен бағалап, лайықты қадірін таныта біледі.

Бұл тәжірибе жалаң сөзбен емес, учаскедегі нақты нәтижесімен айқындалады. Жыл басынан бері мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өтпек болған жүзден аса бұзушы ұсталып, тәртіптен аттамақ айла-әрекеттердің жолы кесілді. Заңсыз айдап өткізілмек болған екі жүзден астам ірі қара мен бірнеше үйір жылқы қолға түсіп, бақылау мен тоқтату шаралары жүйелі жүргізілді. Сонымен қатар, заңсыз тасымалға тиесілі жүзге жуық қорап темекі тәркіленіп, контрабандалық пиғылдың өрісі тарылды.

Дабыл қағылған шақтарда майор Қасымхан Сихимбаев шұғыл топқа бас-көз болып, із кесу мен тоқтату ісі жосыққа сай атқарылады. Мұнда асығыс әрекетке емес, дәлдікке, қызбалыққа емес, заңға сүйенген салқын есепке мән беріледі.

Бұл еңбектің өзегі – жалаң қадағалау емес, қызметті ұдайы жетілдіру. Учаскеде бақылау мен әрекет ету тәсілдерін оңтайландыруға бағытталған ұтымды бастамалар үзілмей, күнделікті машықтың өзінен жаңалық табар кәсіби зерде қалыптасқан. Соның айғағы – 2025 жылғы қызметтік-жауынгерлік қорытынды бойынша бөлімшенің департамент жолағында «үздік» аталуы.

Бөлімшедегі тіршілік уақыттың темір тәртібімен өлшенеді. Таңсәріден нарядтар белгіленген межеге бет алып, бақылау аймақтары қайта қаралып, инженерлік бөгеттер мен жолақтардың жай-күйі сыналады. Күндіз – кеңістікті шолар қырағылық үстем болса, түн – мүлде бөлек әлем: дыбыс та, көлеңке де өзгеше. Бұл шақта техника демеу болғанымен, шешуші салмақ сарбаздың кәсіби түйсігіне түседі. Жинақылық, байқағыштық, заң жосығына адалдық – осының бәрі қызмет мәдениетінің өзегі.

Жазықтың алдамыш ашықтығы мен таудың жұмбақ қатпары қатар келген өңірде тактикалық әзірлікке, бағдар мен байланысқа айрықша мән беріледі. Қажет жерде топтасып қимылдау, керек тұста ықшам шешім қабылдау, асығыстықтан бой тартып, заңға сүйену – күн сайын шыңдалған машықтың жемісі. Қайталау арқылы бекіген дағды ғана сын сағатта ойды шашыратпай, қимылды дәл етеді.

Ал дәлдіктің түбінде – сенім. «Жасөркенде» әріптес – жай қызметтес емес, бір сапта иықтасар серік, қауіпте тірек, түн тыныштығында қырағылықты бөлісер бауыр. Осындай ұйысым бар жерде тәртіп те бекем, жауапкершілік те мығым. Майор Қасымхан Ынтықбекұлының басқару жосығында осы рух айқын: қатал талап пен әділ бағалауды қатар ұстап, ұжым бірлігін бекемдейді.

Шекара қызметінің түп мәні – ел тыныштығын сақтау. Ол өздігінен келмес: оның өтеуі – көзге көрінбес еңбек, тынымсыз әзірлік, тәртіпке адалдық. «Жасөркен» ұжымы осыны күн сайын дәлелдеп, күрделі аймақтағы қызмет жүгін үнсіз көтеріп келеді. Соның заңды айғағы – бөлімшенің «үздік» аталуы, ал оны ұйыстырып, жүйесін қалыптастырған майор Сихимбаевтың үздік бөлімше бастығы деп танылуы – еңбектің әділ таразысы.

**А.ЖЕКСЕНБИН,**
**«OS-ЧР» әскери журналисі.**

Соңы. Басы 1-бетте

# АУЫЛДА БІЛІМНІҢ ШАМЫ СӨНБЕЙДІ




Бұл бастама ауыл өміріне жаңа серпін беріп, кадр тапшылығын шешуге бағытталған маңызды қадамдардың бірі екені сөзсіз. Алайда уақыт ағымымен бірге талап та өзгереді. Бүгінгі таңдағы басты мәселе – жас мамандарды ауылға шақыру емес, оларды сол жерде тұрақтандыру, өмір сүруге қолайлы жағдай жасау. Себебі ауылға келген әрбір жас – ертеңгі ел тірегі, болашақтың кепілі. Дегенмен, көкейде бір сауал қылаң береді: ауылға келген жас мамандар сол жерде тұрақтап қала ма, әлде уақытша аялдап, қайта қалаға бет бұра ма? Бұл – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Осы сауал төңірегінде жас маманмен тілдесіп, оның ой-пікіріне құлақ түрген едік. Қазіргі таңда ауылға бет түзеген жастардың бірі – Айжан Баубек. Ол бүгінде Техникалық шығармашылық және кәсіби бағдар беру орталығында орыс тілі үйірмесінің жетекшісі болып еңбек етуде. Жас болса да, өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын ұстаздың басты мақсаты – шәкірт санасына сапалы білім мен саналы тәрбие беру.

– Мектеп қабырғасында жүрген кезімде орыс тілі пәнінен Мәлік Тіленшиев ағай сабақ беретін. Ұстаздың әр сабағы мазмұнға бай, түсінікті әрі жеңіл өтетін. Ал орыс әдебиетін оқытудағы шеберлігі бізді еріксіз баурап алатын. Сол кездің өзінде-ақ орыс халқының әдебиетіне деген қызығушылығым оянып, пәнді тереңірек түсінуге ұмтыла бастадым. Қарапайым көрінген сол бір сабақтардың өзі менің білімге деген құштарлығымды арттырып, өмірлік бағдарымды айқындағандай болды, – деп тебіреніспен еске алады ол.

Жас маманның ауылға келуіне «Дипломмен ауылға» бағдарламасы айрықша серпін берді. Әсіресе баспанамен қамтудағы жеңілдіктер оның бұл шешімге нық келуіне негіз болды. Бағдарлама аясында көтерме ақы алып, тұрғын үйге қол жеткізгенімен, ауылға алғаш келгендегі көрініс оны бейжай қалдырмаған.

– Қазіргі таңда жас маман үшін үй алу да, жұмысқа орналасу да оңай емес. Осы тұрғыда бұл бағдарлама үлкен қолдау болды. Ауылға келін болып Еңбек ауылына түстім. Сол кезде кейбір елді мекендерде әлі күнге дейін газдың жоқтығы, жолдардың асфальтталмағаны көңілге түрлі ой салды. Дегенмен, «Ауыл – елдің алтын бесігі» деген аталы сөз бекер айтылмаса керек. Қандай қиындық болса да, туған жердің түтіні ыстық. Сол жауапкершілікті жүрегіммен сезініп, ел игілігі жолында еңбек етуді өзіме парыз санаймын. Өйткені «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген дана сөздің мәні де осында жатыр. Алайда қандай орта болмасын, адамды орта қалыптастыратыны белгілі. Жаңа орта мені жылы қабылдап, жылы шырай танытты. Айтарлықтай қиындықтар болған жоқ. Ауыл жұртшылығы да құшағын кең жайып, жылы қарсы алды. Халықтың қарапайымдылығы мен ақжарқындығы бірден баурап алды, – дейді ол.

Ауыл мен шаһар тіршілігінің айырмасы – мүмкіндік ауқымында. Қалада таңдау мол болғанымен, ауылда тіршілік тынысы біршама шектеулі. Алайда бұл жайт жас маманның сағын сындырмаған. Қайта қайратына қайрат қосып, ол білім беру жолында бар күш-жігерін сарп етуде.

Бүгінде жас ұстаз 3-сыныптан 10-сыныпқа дейінгі шәкірттерге мектептен тыс қосымша дәріс өткізіп, олардың білім көкжиегін кеңейтуге талпынып жүр.

Жалпы, Айжан Мелдебекқызының пайымынша, ауылға келген жас мамандарға мемлекет тарапынан белгілі бір деңгейде қамқорлық көрсетілуде. Алайда бұл игі бастамалардың әлі де болса жетілдірілуі қажет екені аңғарылады. Әсіресе баспана жайы, жалақы мөлшері және заманауи технологиялардың жетіспеушілігі – бүгінгі күннің өзекті түйткілдерінің бірі.

Осы орайда ол өз ұсыныстарын да ортаға салды: жас отбасыларға қосымша жәрдемақы қарастыру, тұрғын үйді төмен пайызбен ұсыну, еңбекақыны еселеу, сондай-ақ ауыл жастарына кәсіп бастауға кең өріс ашу. Бұған қоса, ауылға ат басын бұрған мамандарға міндетті әлеуметтік пакет қарастырылып, кемінде үш-бес жыл тұрақтап еңбек етуге ынталандыру тетіктерін күшейту қажеттігін атап өтті.

Оның айтуынша, бірреттік көмекпен шектелу – мәселенің түйінін толық тарқата алмайды. Қызметтік баспаналардың санын арттырып, бөлінетін қаражат көлемін ұлғайту – уақыт сұранысы. Себебі ауылдағы талай шаңырақтың тозығы жеткен, ал ұсынылатын қаржы жаңа қоныстың қол жеткізуге толық қауқар бермейді.

Ауыл тіршілігі Айжанға өмірдің шынайы болмысын танытып, еңбек пен сабырдың қадірін терең ұқтырғандай. «Сабыр түбі – сары алтын» деген аталы сөздің мәнін ол күнделікті тіршіліктен-ақ аңғарған. Маңдай термен келген әрбір жетістік қашанда қымбат екенін жүрегімен сезінеді. Сондықтан да ол ел ішінде адал қызмет етуді азаматтық борышым деп біледі.

– Ауыл маған ең алдымен қарапайымдылық пен шынайы құндылықтарды қадірлеуді үйретті. Адам артық дүниеден гөрі, шын мәнінде маңызды нәрселерді бағалауды осында жүріп түсіндім. Ең бастысы – құр дипломға иек артпау. Әр адам өз қадір-қасиетін өзі қалыптастыруы керек. Үнемі ізденіс үстінде болып, білімді ұдайы жетілдіріп отырған абзал. Жоғары жалақыдан бұрын тәжірибе маңызды. Себебі шын мәніндегі білікті маман қай жерде де өз бағасын алады. Мен шәкірттерімді ойы орамды, сөзі салмақты, өз бетінше дұрыс шешім қабылдай алатын азамат етіп көргім келеді. Әр баланың табиғи дарынын ашып, талабын ұштау – менің басты міндетім. Заман ағымына сай жаңа әдіс-тәсілдерді қолдануға ұмтыламын. Ертең шәкірттерімнің жетістікке жеткенін көріп, соның жемісін сезіну – мен үшін ең үлкен бақыт, – деп ағынан жарылды Айжан Мелдебекқызы.

Қай кезде де «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген дана тәмсіл бар. Сол ұлағатты жолды серік еткен жас маман ауылда жүріп-ақ ұрпақ тәрбиесіне өлшеусіз үлес қосып келеді. Демек, ел ертеңін еңселі етемін деген жан үшін қай жерде еңбек етсе де, оның маңызы мен мәні биік болмақ.

**Аружан СӘКЕНҚЫЗЫ.**

Шұғыла-Радуга Аудандық Қоғамдық-саяси Газеті
shugyla.raduga_newspaper
www.asaaqparat.kz

БӘРЕКЕЛДІ!

# Жас «Көкіл» домбырашылар ансамблі топ жарды



**Ауданымыздың намысын қорғап, өнердің биік белестерін бағындыруға атсалысқан жас таланттарымыз күні кеше Алматы қаласында өткен халықаралық «ZHULDYZ ART KAZAKHSTAN» байқауында өз өнерлерін жарқырата көрсетті. Сол асқақ додада «Көкіл» домбырашылар ансамблі ерекше көзге түсіп, бас жүлдені қанжығасына байлап, ауданымыздың мәдени мәртебесін асқақтатты.**

**Аружан КҮНТУБАЙ**

Аталған ансамбль құрамында өнер көрсеткен Ақерке Серік, Бақкелді Жанабек, Балауса Жанабек, Інжу Үшкемпір, Аяна Дәулетбай, Елнұр Ескендірұлы, Самади Қалдыбай, Бақнұр Құдіретәлі, Сұлтан Рыскелді және Інжу Әмірәлі есімді жас өнерпаздар сахнада жоғары деңгейде өнер көрсетіп, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

Ансамбльдің қарышты дамуы мен табысты жолының артында шәкірттерін өнерге жетелеп, олардың дарындылығын шыңдап жүрген шебер ұстаз Рабиға Қасымбекованың еңбегі зор екенін айтпай кетуге болмайды. Ұстаздың өнегелі тәлімі мен қажырлы еңбегі әрбір орындаудан айқын көрініс тауып, биік белестерді бағындыруда.

Мұқан Төлебаев атындағы балалар өнер мектебі (директоры Сарбиназ Қосанова) – ауданымыздың өнерлі жастарын тәрбиелеп, ұлттық мәдениетімізді сақтап, жаңғыртатын іргелі орда. Мұнда 1530 шәкірт 11 мамандық бойынша білім алып, шығармашылық қабілеттерін шыңдауда. Оқу процесін 84 тәжірибелі педагог жүргізіп, әр балаға өнерге деген сүйіспеншілік пен ұлттық дәстүрді насихаттауды негізгі парыз санайды.

Мектептің шығармашылық ұжымдары аудандық, облыстық және республикалық деңгейдегі түрлі мәдени шараларда үздік өнер көрсетіп келеді. «Көкіл» домбырашылар ансамблі, «Елигай» қобызшылар ансамблі, «Жігер» домбырашылар ансамблі және «Желдірме» фольклорлық ансамблі өз өнерлерін көрерменге паш етіп, тәнті етуде.

Аталған өнерпаздар әр сахнада жоғары деңгейде өнер көрсетіп, мектептің, ауданымыздың абыройын асқақтатып, жас таланттардың шығармашылық әлеуетін танытып келеді.

БІЛГЕН ЖӨН

# МАЛ ТАСЫМАЛДАУДА ҚҰЖАТ ТАЛАП ЕТІЛЕ МЕ?

**Жамбыл ауданы, Көлқайнар ауылдық округі, Қостөбе ауылындағы «Ас-Ер» Сауда сервис ЖШС-інде ішкі сауда объектісіне ауданның ауылдық округтеріндегі жеке тұлғалар ауыл шаруашылығы жануарларын ветеринариялық ілеспе құжаттарынсыз тасымалдаған фактілер анықталуда.**

Қазақстан Республикасы 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 406-бабының 1-тармағына сәйкес, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауға жататын, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді Қазақстан Республикасының аумағында тасымалдау кезінде заңды сақтамау жеке тұлғаларға – 20, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – 50, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 100, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 200 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Кодекстің 2-тармағына сәйкес, 1-тармақта көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер үшін жеке тұлғаларға – 40, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – 100, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 200, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 400 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуды көздейді.

Өткен жылы ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің аудандық аумақтық инспекциясы тарапынан ветеринариялық ілеспе құжаттарынсыз ауыл шаруашылығы жануарларын тасымалдағаны үшін 22 жеке тұлғаға, 1 лауазымды тұлғаға және 11 жеке кәсіпкерлік субъектісіне барлығы 2107910 теңге айыппұл салынды.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 маусымдағы №7-1/453 бұйрығына сәйкес, ветеринариялық анықтама жануардың ветеринариялық паспорты мен жеке нөмірі, ветеринариялық қарап-тексеру нәтижелері, эпизоотиялық жағдай және деректер базасындағы жануар туралы ақпарат негізінде беріледі. Анықтама өтініш берушіге жүгінген күні рәсімделеді және Қазақстан Республикасы аумағында жарамды болады.

Ветеринариялық анықтама жануарға, жануардан алынатын өнім мен шикізатқа, жемшөпке берілген сәттен бастап бір ай ішінде жарамды болып есептеледі. Егер жануардың немесе өнімнің шыққан жеріндегі эпизоотиялық ахуал өзгерсе, бұрын берілген анықтама кері қайтарылады.

Ауылдық округтердегі бекітілген ветеринариялық аға мал дәрігерлері жануарларға, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатқа ветеринариялық анықтаманы береді.

Осыған байланысты аудан тұрғындарына жеке иелігіндегі ауыл шаруашылығы жануарларын сатуға немесе тасымалдауға шыққанда міндетті түрде ветеринариялық ілеспе құжаттары міндетті түрде болуы тиіс екендігін хабарлаймыз.

**Бауыржан ӨМІРБЕК,**
**ҚР АШМ ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті аудандық аумақтық инспекциясының басшысы.**

СУДЬЯ СӨЗ АЛАДЫ

**Қазіргі уақытта адамдар күнделікті өмірде интернет ресурстарын кеңінен пайдаланады. Соның ішінде банктік қолданбаларды қолдану барысында алаяқтардың шалған қоңырауы арқылы үшінші тұлғалардың банктік шоттарына еш негізсіз қомақты қаражат сомаларын аударады. Әсіресе, интернеттен хабары аз зейнеткерлерге қатысты алаяқтық әрекеттер жиі орын алады. Банктік шоттарын алаяқтарға қолданысқа беретін тұлғалар кімдер десеңіз, олардың 18-25 жас аралығындағы жастар екенін білесіз. Сот отырысына шақыртқандағы айтатын уәждері – «Telegram» желісіндегі жарнамаға қызығып, өзінің шотын қолдануға бергенін, алайда, қаражаттарды өзі алмай, тек келіскен пайызын ғана алып, қалған бөлігін басқа тұлғаларға аударып жібергенін айтады.**

# АЛАЯҚТАРДАН САҚ БОЛЫҢЫЗ!



Бұдан бөлек, пошта жеткізілімі бар деп қоңырау шалатын қызметкерлер, қауіпсіздік немесе тергеу бөлімі қызметкерлері болып қоңыраулар шалу, түрлі акциялар, жарнамалар, жалған интернет дүкендер арқылы тапсырыстар қабылдау барысында да азаматтардың сеніміне кіруі мүмкін.

Жамбыл аудандық сотымен соңғы жылдары қаралған азаматтық істердің санатына көз жүгіртер болсақ, олардың басым бөлігі интернет алаяқтықпен байланысты істер екенін байқаймыз. Негізсіз баю сомасын өндіру туралы талап қою негізінде түсетін істерге дәлел ретінде талап қоюшы тараппен жауапкердің банктік шотына түскен ақша сомасының түбіртегі тіркеледі. Интернет-алаяқтықпен байланысты істерді қарау барысында, сотта талап қоюшының банктік шотынан жауапкердің шотына, содан кейін үшінші тұлғаның шотына ақша аударылғаны анықталады.

Азаматтық кодекстің 953-бабының 1 және 3-тармақтарына сәйкес, занда немесе мәміледе белгіленген негіздерсіз немесе жәбірленушінің есебінен мүлікті сатып алған немесе жинаған (негізсіз баю) мүлікті, АК-нің 960-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, соңғысына негізсіз сатып алынған немесе сақталған мүлікті қайтаруға міндетті. Бұл ретте негізсіз баю байыған адамның, жәбірленушінің өзінің, үшінші тұлғалардың мінез-құлқының нәтижесі ме, әлде олардың еркінен тыс болған ба, яғни мүлікті тиісті құқықтық негізсіз негізсіз баюдың (үнемдеу) болуы маңызды емес.

Сот жауапкердің алаяқтық әрекеттер жасау қарсаңында банкте шот ашқанын және банк қосымшасының логин парольдерін көрсете отырып, үшінші тұлғаларға оған қол жеткізуді жеке өзі қамтамасыз еткенін ескереді. Тараптардың бұған дейін бір-бірін танымайтындығы және ешқандай қарым-қатынаста болмағаны расталады. Осы ретте, Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 16 шілдедегі №2140-VIII Заңымен Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің жаңа 232-1 «Банктік шотқа, төлем құралына немесе сәйкестендіру құралына қолжетімділікті заңсыз ұсыну, беру және алу, сондай-ақ төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын заңсыз жүзеге асыру» бабымен толықтырылғанын атап өткен жөн. Аталған бап – осындай интернет-алаяқтық әрекеттерге тосқауыл қою мақсатында толықтырылды. Бұл баптың бөліктеріндегі ең ауыр жаза үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы.

Сондықтан әрбір азамат банктік шот аштырған уақытта келісімшартқа өзінің сәйкестендіру құжаттарын, карта нөмірлерін ешкімге қолдануға бермейтіндігі жөнінде міндеттеме алатынын, керісінше болған жағдайда шоттағы операциялар үшін өзі жауапты болатынын, енді мұндай азаматтық жауапкершілікке қылмыстық жауапкершілік те қосылғанын білгені жөн. Себебі, заңды білмеу жауапкершіліктен босатпайды.

**Әсел ҮМБЕТҚҰЛОВА,**
**Жамбыл аудандық сотының судьясы.**

ХАБАРЛАНДЫРУ

## «ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН ҮЗДІК ҰЙЫМ» КОНКУРСЫНЫҢ АУДАНДЫҚ КЕЗЕҢІНЕ ҚАТЫСУҒА ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Конкурс ережеге сәйкес екі кезеңде өткізіледі.

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жамбыл ауданының білім бөлімі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №544 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беретін үздік ұйым» грантының мөлшерін және оны беру тәртібін белгілей отырып, оны беруге арналған конкурсты өткізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 наурыздағы №67 бұйрығын орындау мақсатында «Орта білім беретін үздік ұйым» атты конкурсының аудандық І кезеңін өткізеді.

Конкурсқа қатысуға мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – білім беру ұйымдары) барлық түрлеріне рұқсат беріледі.

Конкурс екі кезеңде өткізіледі:

1) І кезең – аудандық (қалалық), жыл сайын сәуір айында өткізіледі, онда екінші кезеңге қатысуға ұсынылатын Конкурсқа қатысушылар анықталады;

2) ІІ кезең – облыстық, онда Конкурстың жеңімпазы анықталады.

Осыған орай, аудандық кезеңіне қатысатын білім беру ұйымдары құжаттарын ағымдағы жылдың 20 сәуіріне дейін тапсыру қажет.

Құжаттарды қабылдау мекенжайы және уақыты:

Жамбыл ауданы, Аса ауылы, Абай көшесі 127-үй, әдістемелік кабинет, байланыс телефоны: 8(72633)2-22-63, электрондық мекенжай: asa_raiono@mail.ru, қабылдау уақыты 09.00-ден 18.30 -ға дейін,үзіліс:13.00-14.30.

Конкурсқа қатысу үшін ұсынылатын құжаттар:

1) «Орта білім беретін үздік ұйым» грантын беру конкурсына қатысу үшін нысан бойынша өтінім;

2) осы Қағидалардың 11-Тармағында көрсетілген өлшемдерге сәйкес тиісті материалдарды тапсырады.

Қосымша ақпарат үшін 8 (72633) 2-22-63 нөміріне хабарлассаңыз болады.

# Аудан әкімінің тұрғындармен кездесулері барысында айтылған ұсыныстарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

*(2026 жылдың I тоқсанына)*

| № | Ауылдық округ атауы | Тұрғындар тарапынан көтерілген мәселелер | Орындалуы |
|---|---|---|---|
| 1. | Ерназар ауылдық округі | Ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында, оның ішінде мал алуға 5-6 пайызбен жеңілдетілген несие қандай мемлекеттік бағдарламалар арқылы беріледі? | Асыл тұқымды жануарларды сатып алуға жаңадан ашылған «Береке», «Игілік» бағдарламалары іске қосылды. Бұл жөнінде Ерназар ауылдық округінде шаруалармен кездесу өткізіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілетін болады. **Орындалу үстінде.** |
| 2. | Өрнек ауылдық округі | Жұма елді мекеніне балалар ойын алаңшасын салуды сұрайды. | Өрнек ауылдық округіне қарасты Жұма стансасына балалар ойын алаңшасын салу үшін жобалық-сметалық құжаттары әзірленіп, қаражат қарастырылды. Мердігермен келісімшарт жасалды. **Орындалу үстінде.** |
| 3. | Өрнек ауылдық округі | Өрнек ауылындағы Ю.Гагарин, Е.Саухатов, Ә.Молдағұлова, М.Маметова, Б.Әбілдаұлы көшелеріндегі ескі электр желілерін ауыстыруды сұрайды. | Өрнек ауылындағы Гагарин, Е.Саухатов, Ә.Молдағұлова, М.Маметова, Б.Әбілдаұлы көшелеріндегі ескі электр желілерін ауыстыру бойынша Жамбыл электр стансасының Жамбыл аудандық филиалының ақпаратына сәйкес қаражат 2026 жылдың жаз айларында қарастырылып, ауыстыру жұмыстарын жүргізу жоспарлануда. **Орындалу үстінде.** |
| 4. | Тоғызтарау ауылдық округі | Тоғызтарау ауылдық округінде жүргізілген газ желісіндегі қалың қардан кейінгі топырақтардың шөккен жерлерін мердігер арқылы қалпына келтіруді сұрайды. | 06.02.2026 жылы №01-18/15 шығыс хатпен Жамбыл ауданы әкімдігінің ТҮКШЖК және АЖ бөліміне хат жолданып, Тоғызтарау ауылдық округінде газ құбырын қазу жұмыстарын жүргізген мердігерге «ЖШС Газ сервис» қалпына келтіру бойынша жұмыстар толық жүргізілді. **Орындалды.** |
| 5. | Ақбастау ауылдық округі | Шоқай ауылы, О.Жалпанов көшесіне жарықтандыру орнатуды сұрайды. | Шоқай ауылындағы О.Жалпанова көшесіне көше жарығын орнату үшін жобалық-сметалық құжаттамасы дайындалуда. **Орындалу үстінде.** |
| 6. | Ақбастау ауылдық округі | Шоқай ауылындағы медициналық пунктте дәрігердің отыруына ықпал етуді сұрайды. | Ақбастау ауылдық округінде аудандық орталық ауруханаға қарасты 2 фельдшерлік акушерлік пункт орналасқан, дәрігер тапшылығына байланысты аталған мекемелерде аптасына 3 күн *(Бірлесу Еңбек ауылында 2 күн, Шоқай ауылында 1 күн)* дәрігер қабылдауы жүргізілген. Ағымдағы жылдың 1 сәуірінен бастап округ тұрғындарының сұранысына сәйкес аптасына 3 күн дәрігер Аса ауылында аудандық емханада қабылдау жүргізетін болады. **Түсіндірілді.** |
| 7. | Көлқайнар ауылдық округі | Тастөбе ауылына шекаралас жатқан Бесағаш ауылдық округінің жайылым жеріне ауылдық округ тұрғындарының малының жайылуына ықпал етуді сұрайды. | Көлқайнар ауылдық округіне қарасты Көлқайнар ауылы маңында «Бесағаш Ынтымақ» шаруа қожалығына тиесілі 600 гектар шабындық жерді ауылдың мал жайылымына беру жөнінде шаруа қожалық басшысымен келіссөз жұмыстары жүргізілуде. **Орындалу үстінде.** |
| 8. | Қарасу ауылдық округі | Ащыбұлақ ауылындағы Қ.Сартбаев атындағы орта мектепке газ кіргізіп беруді сұрайды. | Ащыбұлақ ауылындағы Қ.Сартбаев атындағы орта мектепке газ кіргізу бойынша «QazaqGazAimaq» мекемесінен техникалық шарт алу жұмыстары жүргізілуде. Қажетті құжаттар толықтырылғаннан кейін мектепке жылыту маусымы басталғанға дейін газ желісі жүргізіліп, қазандық газға ауыстырылатын болады. **Орындалу үстінде.** |

# Жамбыл ауданы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Аудандық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны режиссер 1 бірлік, Шайдана ауылдық клубының меңгерушісі 1 бірлік және мәдени ұйымдастырушы 1 бірлік уақытша бос лауазымдарына конкурс жариялайды

**Кәсіпорынның атауы:** Жамбыл ауданы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Аудандық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

**Орналасқан жері:** пошталық индексі 080200. Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Аса ауылы, Абай көшесі №102-үй, тел.: (872633) 2-15-29; 2-24-34.

**Кәсіпорын қызметінің негізгі бағыты:** Әдебиет және өнер туындыларын көпшілік алдында орындауға және көркемдік ұжымдар мен жекелеген орындаушыларды танымал етуге жағдайлар жасау, халықтың рухани және эстетикалық сұранысын қанағаттандыру, кәсіби көркемдік ұжымдар мен жекелеген орындаушылардың концерттерін ұйымдастыру, музыкалық-ағартушылық қызметті жүзеге асыру, халыққа музыкалық-эстетикалық тәрбие беру, ҚР заңнама талаптарына сәйкес ақылы қызметтер көрсету болып табылады.

**Режиссердің лауазымдық міндеттері:**

театр ұжымының (музыкалық, хор, хореографиялық) жұмысын басқарады;

ұйымның ұйымдастыру-шығармашылық іс-шараларын өткізуге қатысады; спектакль қойылымдарын, концерттік, музыкалық және би бағдарламаларын жүзеге асырады;

репертуар, ноталық материалдар, орындаушылар құрамын таңдайды, олармен топтық және жеке дайындықтар өткізеді;

нөмірді орындауды жетілдіруді, орындау шеберлігін арттыруды қамтамасыз етеді;

жұмысқа шығармашылық қызметкерлер мен ұжымдарды, қоғамдық ұйымдарды, көркемөнерпаздар ұжымдарын, дирижерлерді, хормейстерлерді тартады;

ұйымның әдістемелік кабинетінің жұмысына, тақырыптық кештер, сахналандырылған мерекелер, карнавалдар, халықтық сауық-серуендер мен көпшілік іс-шараларды дайындау жұмысына қатысады, көркемөнерпаздар үйірмелерінің жетекшілеріне көмектеседі;

дайындықтардың, қойылымдардың есебін жүргізеді.

**Білуі тиіс:** «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы», «Мәдениет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын;

клуб жұмысын ұйымдастыруды, өнердің сәйкес түрінің теориясын, репертуарды қалыптастыру қағидаларын, көркемөнерпаздар ұжымының озық жұмыс тәжірибелерін.

**Біліктілікке қойылатын талаптар:**

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (музыкалық білім) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе қызмет көрсету (туризм, мәдени-тынығу жұмыстары) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.

біліктілігі орта деңгейлі маман:

санаты жоқ: «өнер және мәдениет» мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Мәдени ұйымдастырушының бос лауазымдық міндеттері: ойын-сауық, тұрғындардың ойындық қатынасы мен демалысының ұжымдық түрлерін ұйымдастырады;

сценарийлерді, тақырыптық бағдарламаларды, ұжымдық демалыстың ойын түрлерін, көркемдік безендіру, әуенмен әрлеу және техникалық жабдықтау жұмыстарын жасауға қатысады;

концерттерді дайындау үшін сценарийлік жоспарлар жасайды, көркемдік және музыкалық жетекшілерді, хореографтарды, концертмейстерлерді, шығармашылық ұжымдарды, жеке әншілерді шақырады;

эскиздер мен реквизит заттарын жасайды;

концерттік бағдарламалардың фонограммасын дайындайды;

шығын сметасын дайындайды және ұйым басшылығына бекітуге ұсынады.

**Білуі тиіс:** Конституцияны, Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы»; «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдарын;

клуб жұмысының ұйымдастырылуын, мәдени-демалыс жұмыстарының мәселелері бойынша басқарушы материалдарын, мәдени ұйымдардың озық жұмыс тәжірибелерін.

**Біліктілікке қойылатын талаптар:**

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау, гуманитарлық пәндер бойынша, тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдер даярлау) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе қызмет көрсету (туризм, мәдени-тынығу жұмысы) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.

біліктілігі орта деңгейлі маман:

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, «өнер және мәдениет» немесе «білім беру» мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

**Клуб меңгерушісінің лауазымдық міндеттері:**

шығармашылық қызметті және клуб мүлкінің сақталуын жүзеге асырады;

елді мекен (ықшамаудан), сондай-ақ жақын маңдағы елді мекен (ауыл, кент) тұрғындары арасында мәдени-ағарту жұмыстарын ұйымдастырады;

клуб жұмысының жоспарын жасайды, бекітеді және оның орындалуын қамтамасыз етеді;

көркемөнерпаздар үйірмелері мен бірлестіктердің жұмыстарын ұйымдастырады;

демалыс кештерін, тақырыптық концерттер, кештер және көпшілік шараларды өткізеді;

қоғамдық клуб белсенділеріне мәдени-көпшілік шаралар жүргізуде әдістемелік көмек көрсетеді;

Ойын-сауық, тұрғындардың ойындық қатынасы мен демалысының ұжымдық түрлерін ұйымдастырады;

сценарийлерді, тақырыптық бағдарламаларды, ұжымдық демалыстың ойын түрлерін, көркемдік безендіру, әуенмен әрлеу және техникалық жабдықтау жұмыстарын жасауға қатысады;

концерттерді дайындау үшін сценарийлік жоспарлар жасайды, көркемдік және музыкалық жетекшілерді, хореографтарды, концертмейстерлерді, шығармашылық ұжымдарды, жеке әншілерді шақырады;

эскиздер мен реквизит заттарын жасайды;

концерттік бағдарламалардың фонограммасын дайындайды;

шығын сметасын дайындайды және ұйым басшылығына бекітуге ұсынады.

**Білуі тиіс:**

